

Сәтсіз жағдайларда көрсетілетін алғашқы көмек.

Алғашқы көмек — адам өміріне немесе денсаулығына кенеттен қауіп төнгенде оның өмірін сақтап қалу үшін немесе апаттың зиянды әсерін азайту үшін қолданылатын қарапайым шаралар.



1 Естен танғанда көрсетілетін алғашқы көмек.



Ангиогенді естен танулар. Оның ортостатикалық және цереброваскулярлы түрлері бар.

Ортостатикалық түрлері жиі кездеседі. Ол науқастың горизонтальді күйден вертикальді қалыпқа ауысқан кездерінде дамиды. Кейбір ортостатикалық естен танулар ұзақ уақыт төсекте жатқандарда, сұйықтықтар мен қан жоғалтқанда, аяқтардың көк тамырлары варикозды кеңейгенде, жүктіліктерде, диабетикалық нейропатияларда дамиды. Сонымен қатар екіншілік естен танулар дәрілер немесе дәрілік естен танулар (гипотензивті пентамин, клофеллин, в-адреноблокаторлар, нитраттар, диуретиктер, транквилизаторлар және т.б) қолданғаннан кейін дамиды. Цереброваскулярлы естен танулар. Бұл ми артерияларының (көбінесе атеросклерозды) зақымдануларында, миды қамтамасыз ететін қантамырлары (ұйқы, омыртқалық, бұғана асты) тарылғанда дамиды. Сонымен қатар сол қантамырларының тонустары өзгергенде, шаншылғанда және АҚҚ төмендегенде де дамуы мүмкін. Цереброваскулярлы естен танулар кенеттен дамып, және басқа түрлеріне қарағанда ұзағырақ болады.

Естен танудың диагностикасы қиындық тугызбайды. Бірақ оның негізгі себебін және патофизиологиялық механизмін анықтау қиындау болады. Өйткені ұстамалар арасында аурудың белгілері болмауы мүмкін.

2. Күйгенде көрсетілетін алғашқы көмек



Обстригание прилипших к коже кусков одежды




I дәрежедегі күйік: дене қатты қызарып, домбығады, дуылдап аурады.

II дәрежедегі күйік: қатты қызарған теріде көлкілдек бүршік пайда болады (сары сұйық жинақталады), ауру жанына қатты бата бастайды.

III дәрежедегі күйік: терінің түсі сары- қоңыр (тері жансызданады, некроз), ауруды сезіну үдейді, естен тану белгілері байқалады.

IV дәрежедегі күйік: терінің, бұлшық еттің және сүйектің қарайып күйюі, ауруды сезіну белгілері үдейді, естен тану белгілері әлдеқашан байқалған.

3. Күннен дұрыс қорғанайық



Бастан күн өту мен ыстық өтудің алдын алу үшін күн сәулесі аса қатты белсенді кезде далаға, жағажайға шықпау, ауа кірмейтін, ыстық бөлмелерге кірмеу және адам толы қоғамдық көлікке отырмау



Күн өту мен ыстық өтуге көбіне артық салмағы бар адамдар, қан қысымы жоғары, эндокринді аурулармен, вегето-тамырлы дистониямен ауыратын адамдар, кішкентай балалар бейім екенін ұмытпаңыз.

4. Басты зақымдау



Құлау, бірнәрсеге соғу кезінде бас сүйектің сынуы (оның белгілері: құлақтан және ауыздан қан кету, ессіз болу) немесе мидың шайқалуы (белгілері: бастың ауруы, жүрек айну, құсу, есін жоғалту) мүмкін. Мұндай кезде көрсетілетін алғашқы көмектің түрлері болып: зардап шегушіні арқасына жатқызу, басына (жарақат алған кезде - стерилденген) қатты таңғыш тағу және «суық» басу, дәрігер келгенге дейін тыныштықты қамтамасыз ету табылады.


5. Омыртқаның зақымдануы



омыртқаның қатты ауруы, еңкеюге және бұрылуға мүмкіндіктің болмауы. Көрсетілетін алғашқы көмек: абайлап, зардап шеккенді орнынан көтермей, оның арқасына жалпақ тақтайды, алынған есікті салып немесе зардап шегушінің денесін бетімен жерге қаратып, ауысу кезінде жұлынның зақымдануын болдырмау үшін оның денесінің иілмеуін қадағалайды. Сондай-ақ оны тақтай үстіне салып немесе бетімен жерге қаратып тасымалдайды.




6. Жамбас сүйектердің сынуы



жамбасты ұстаған кезде ауырғанды сезіну, шабының, құйымшақ сүйек жанының ауруы, аяқты түзу көтере алмау. Көрсетілетін көмектің түрлері мыналар: зардап шегушінің арқасына тақтай салып, оны «бақаша» қалыпта жатқызып, яғни оның тізесін бұғу және аяқтарын екі жаққа салу, ал табандарын бірге жылжытып, тізелерінің астына киімнен жасалған жұмсақ жастық қою керек. Зардап шегушіні (ішкі органдардың зақымдануын болдырмау үшін) екі жағына бұруға, отырғызуға және аяғына тұрғызуға рұқсат етілмейді.

ЕКІ ЖАМБАСТЫҢ СЕГІЗКӨЗ
АРҚЫЛЫ БАЙЛАНЫСУЫ



Алдыңғы жағынан




Артқы жағынан



сүйектің ауруы, аяқ-қолдың рабайсыз түрі, буын жоқ жердің қозғалуы, қисаюы (сынған кездегі сүйек сынықтарының жылжуы) және ісуі.

7. Улану



8. Электр торы немесе найзағайдың соғуы.

